

ӘОЖ 377.031(574)

ҒТАМР 14.33.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.78.3.013>

## КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

\*Рамазанова М.Қ.<sup>1</sup>, Китапбаева А.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті,  
Өскемен, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қоғамды алға дамытатын кәсіптік білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу құзіреттіліктері қалыптасқан жоғары білікті мамандар дайындау өзектілігіне тоқталады. Педагогика, психология және ғылыми әлеуметтану саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде «ғылыми-зерттеу құзіреттілігі» ұғымының мәні ашылады. Педагогикалық зерттеу Өскемен қаласындағы кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларда ғылыми-зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырудың практикалық негіздері, яғни оқытушылардың биологияны оқытуда қолданатын сабақтың формалары, оқу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері, пайдаланылатын әдіс-тәсілдер, білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту деңгейлері талданады. Кәсіптік білім беру ұйымдары биология пәні оқытушыларының өз білім беру үдерісінде «ғылыми-зерттеу құзіреттілігін» қалыптастыру мәселесінің педагогикалық тәжірибелерін саралау жұмыстары баяндалады. Педагогикалық зерттеуге 85 оқытушы мен 250 дей білім алушы қатысып, зерттеу нәтижелері сандық және сапалық талдау әдістерімен өңделген.

Кәсіптік оқыту барысында ғылыми-зерттеу құзіреттілігі кәсіби маманды қалыптастыратын құзіреттіліктерінің бірі екендігі нақтыланады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазіргі таңда кәсіптік беру ұйымдарында биологияны оқытуда білім алушыларының танымдық әмбебап оқу әрекеттері негізінде ғылыми- зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер бар. Биология оқытушыларының педагогикалық тәжірибесін зерттеудің нәтижелері оқу әрекеттері арқылы зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру міндеті әр сабаққа қойылмайтынын көрсетті.

**Тірек сөздер:** кәсіби білім беру, білім беру үрдісі, құзіреттілік, ғылыми-зерттеу құзіреттілігі, педагогикалық тәжірибе, оқу процесін зерттеу, оқыту әдістері, оқыту формалары

### Кіріспе

Қазіргі таңда халықаралық білім мен технологиялар ағыны қарқындылығына сәйкес әр мемлекет тарапынан ғылыми-техникалық

әлеуетін жедел дамыту қажеттілігін айқындап отыр. Бұл тек инфрақұрылымға инвестицияларды ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу құзыреттілігі бар жоғары білікті ғылыми кадрлық резервті қалыптастыруды талап етеді. Дәл осы құзыреттіліктің тапшылығы елдің инновациялық дамуын тежейді және ғылымның жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сондықтан ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің мәнін терең түсінуге арналған зерттеулер маңызды өзектілікке ие болады. Ел президенті Қ.К. Тоқаев өз жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Елімізде 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз және кәсіптік білім беруді модернизациялау қажет» деп атап өткен болатын [1]. Демек, қоғамның негізгі қозғаушы күші ретінде кәсіптік білім ұйымдарының түлектерінің «ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін» қалыптастыру өзекті тақырыптардың бірі болып отырғаны анық.

Елімізде кәсіптік білім беру ұйымдары елдің жалпы қоғамының дамуында және ел экономикасына қосатын үлесі елеулі. Бұл маңыздылықты келесідей бағыттардан көруге болады:

1. Еңбек нарығына бейімделген мамандар дайындау. Кәсіптік білім беру ұйымдарында нарыққа қажетті орта буын мамандары, техникалық және қызмет көрсету саласының мамандарын әзірлейді. Бұл мамандар қызмет көрсету саласында, өндірісте, құрылыс саласында, ауыл шаруашылығында және басқа да маңызды салаларда экономиканың қарқынды дамуына әсер етеді.

2. Экономикалық тұрақтылықты қолдау. Қазіргі таңда Қазақстан индустрияландыру, цифрландыру, «Жасыл экономика» және басқа да стратегиялық маңызды бағыттарды жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағыттарды жүзеге асыруға сапалы, заманауи біліктілігі бар мамандар қажет, ал оларды кәсіптік және білім беру ұйымдары дайындайды.

3. Жұмыспен қамту және жастарды қолдау. Кәсіптік білім алу арқылы жастар нақты бір кәсіпті игеріп, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болады. Бұл халық арасында жұмыссыздық деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

4. Қоғамының әлеуметтік дамуына ықпал. Кәсіптік білім беру тек мамандық алумен ғана шектелмейді, оған қоса азаматтарды еңбекке баулып, кәсіптік дағдыларды дамытып және әлеуметтік белсенділікті арттырудың жолы болып табылады.

5. Жекелеген аймақтарды дамыту. Көптеген кәсіптік білім беру ұйымдары еліміздің шет аймақтарында орналасқан, бұл жергілікті тұрғындарға қолжетімді білім алуға жол ашады. Бұл ел аймақтарының

экономикалық дамуына тікелей ықпал ете отырып, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға әсер етеді.

6. Жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу. Қазіргі таңда кәсіптік білім беру ұйымдары заман талабындағы инновацияларды және жаңа технологияларды меңгеруге жол ашатын ұйымдардың бірі болып табылады. Мысалы, дуальды оқыту жүйесі – бұл теория мен тәжірибе үйлестіріле отырып, мамандарды дайындаудың тиімді тәсілі болып табылады.

Қазақстанда кәсіптік ұйымдардың елдің экономикасы мен қоғамының қажеттіліктеріне жауап беретін кәсіби кадрлар дайындауда шешуші рөл атқарады. Оларды дамыту – елдің тұрақты дамуы мен болашаққа сенімді қадам жасауының кепілі болып табылады. Сондықтан бұл ұйымдарда болашақта сапалы маманның қалыптасуына ықпал ететін, «ғылыми-зерттеу құзіреттіліктері» тақырыбы бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірі деп есептейміз.

*Әдебиеттерге шолу.* Отандық педагогика ғылымында ғылыми-зерттеу құзіреттілігін анықтаудың бірнеше тәсілдері бар. Зерттеушілердің бір бөлігі оны когнитивті және жеке компоненттерді қамтитын интегративті тұлға сапасы ретінде қарастырады. Қызығушылық, берілгендік, табандылық және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті сияқты жеке сипаттамаларға ерекше назар аударылады. Басқа авторлар белгілі бір ғылыми салада белгілі бір зерттеу әдістерін меңгеруге назар аудара отырып, тұжырымдаманың тар түсіндірмесін ұсынады. Қазақстанда құзіреттілік ұғымының мәні мен болмысының теориялық және практикалық аспектілерін К.С.Құдайбергенова, А.А. Бейсенбаева, Г.Ж.Меңлібекова, Ә.М.Мұханбетжанова, Г.Ж.Джадрина және т.б. ғалымдар еңбектерінде баяндалады [2]. Атап айтсақ, құзіреттілік ұғымына отандық ғалымдар төмендегідей анықтама береді: Таубаева Ш.Т. - Оқыту мен әлеуметтену үдерістері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті [3], Тұрғынбаева Б.А. - өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуы [4], Жадрина М.Ж. - мәселелерді өзіндік даму, өзіндік басқару, білім, икемділік, дағдыны пайдалана отырып шешуі [5], Құдайбергенова К.С. - қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығару [6], Кенжебеков Б.Т. - күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік деп қарастырады [7]. Соңғы жүргізілген зерттеулердің бірі Тоғызбаев және басқалар, студенттердің оқу сапасын арттырудағы оқытушының кәсіби құзіреттілігінің маңызды орын алатынын атап өтеді [8]. Алимбетов және басқалар, кәсіби-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған жүйені құру қажеттілігін анықтап құзіреттілік, коммуникативтік және кәсіптік бағдарланған тәсілдер

негізінде тұжырымдамалық, мазмұндық әдістемелік блоктарды қамтитын кәсіптік-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру моделі әзірлеген [9].

Шетелдік ғалымдардың құзыреттілікті қалыптастыру туралы теориялар Дж.Равен, Э.Б.Жалолова, W. Nutmacher, W.Westera, А.В. Хуторской, А.К.Маркова, А.И. Субетто, С.Е Болотов, И.А. Зимняя, В.А. Шишов, , А.И. Савенков, Т. және т.б. зерттеулерінде әртүрлі парадигма арқылы қарастырылған. [10]. Мәселен, кейбір шетел ғалымдары «құзіреттілік» ұғымына келесідей талдау жасайды: Гершунский Б.С. - ол кейінгі педагогикалық ізденістер үшін, таңдап алынған бағытты түзете отырып, оқытудың нақты модельдерін жетілдіру үшін кеңістікті кеңейтуге мүмкіндік беруі қажет [11], Вербицкий А.А. - ол білім алушылардың тұтас танымдық іс-әрекетінде тек пәндік технологиялық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-адамгершілік құрамын да дамытуға бағдарлануы қажет [12], W.Westera - нысандар мен үдерістердің белгілі бір шеңберіне қатысты жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығы [13], W. Nutmacher - құзыреттілікті пәндер мен процестердің белгілі бір шеңбері бойынша берілген және оларға қатысты сапалы және нәтижелі әрекет ету үшін қажетті жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, іс - әрекет тәсілдері) жиынтығы ретінде, адамның тиісті құзыреттер кешенін, оның ішінде оларға жеке көзқарасын және қызмет нысанасын меңгеруі ретінде анықтайды [14]. Дж. Равен құзыреттілік ұғымын нақты мақсатқа жету жолындағы бекімдік және құндылықты түсіну, бейімділігі, ойлау дәрежесі, ерекшелігі, табандылығы деп тұжырымдайды. Карабалло және басқалары, өз зерттеулерінде зерттеушілік құзіретті колледж қабырғаларында дамытудың артықшылықтарын және «бұл студенттерді оқытуға деген көзқарасты қайта қарауды қажет ететін түбегейлі жаңа тәсіл және бұл тәсіл санадағы өзгерістерден әдіснамалық базадағы өзгерістерге дейін жаһандық өзгерістерге әкелуі керек» деп түйіндейді. Hung Van және басқалар, өз зерттеулерінде кәсіби құзіреттілік қалыптастыратын технологиялардың бірі модельдеу әдісі арқылы нақты нәтижелер алуға болатынын көрсетеді. Бұл жұмыстың мақсаты - педагогика, психология және ғылыми әлеуметтану саласындағы отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдардың кең спектріне сүйене отырып, ғылыми-зерттеу құзыреттілігін анықтаудың қолданыстағы тәсілдеріне жан-жақты талдау жүргізе отырып, Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының 25 кәсіптік білім беру орталықтары биология пәні оқытушыларының өз білім беру үдерісінде «ғылыми-зерттеу құзіреттілігін» қалыптастыру мәселесінің педагогикалық тәжірибелеріне талдау жасау. Қазіргі оқу-әдістемелік әдебиеттегі зерттелетін мәселенің жай-күйін саралай отырып, біз оның кәсіптік білім беру ұйымдарында биологияны оқыту процесінде қалай шешілетінін анықтау міндетін қойдық.

## **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу нәтижесінің сенімділігін анықтау барысында педагогикалық, психологиялық, әлеуметтану бағыттарындағы озық зерттеулерді теориялық талдау, сипаттау, тұжырымдау және салыстыру сияқты ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттерін айқындауда эмпирикалық зерттеу әдістері, сондай-ақ сандық және сапалық талдау әдістері басшылыққа алынды. Сандық мәліметтерді жинау мақсатында сауалнама жүргізіліп, оқытушылардың оқыту үдерісіндегі ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруды анықтауға арналған сұрақтар арқылы статистикалық деректер алынды. Зерттеу міндеттеріне сай Өскемен қаласындағы кәсіптік білім беру ұйымдарының биология пәні оқытушаларының сабақтарына қатысып, оларды кейіннен талдап, мұғалімдермен әңгімелесу, сауалнама жүргізу, білім алушылардың «ғылыми-зерттеу құзіреттілігі» мен зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықталды. Білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру жай-күйінің практикасын бағалау үшін біз Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласындағы кәсіптік білім беру ұйымдарында биология пәнінен 85 сабаққа қатыса отырып, сабақтың процестік компоненттері бойынша бақылау ұйымдастырдық.

## **Нәтижелер және талқылау**

Зерттеу біз қатысқан 85 сабақтардың процестік компонентін талдау, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, білім алушыларды оқытуда қолданылатын әдістері мен формалары тұрғысынан жүргізілді. Бұл талдау көрсеткендей, биологияны оқыту процесінде оқытушалар түсіндірме-баяндау әдістері, интерактивті әдістер, атап айтсақ топтық жұмыс, жұптық жұмыс, дискуссия (пікірталас), миға шабуыл (brainstorming), Jigsaw әдісі, Case-study әдісі, АКТ-ны қолдану және ойын әдістері, оның ішінде рөлдік және іскерлік ойындар, танымдық ойындар, квесттер, симуляциялар, жобалау әдістері, көрнекіліктерден (суреттер, графиктер, бейнероликтер) қолданады. Зерттеу нәтижесінде сабақ формалары негізінен аралас сабақ пен дәстүрлі сабақтар: лекция сабақтары, практикалық сабақ, семинар сабақ болса, ал интерактивті сабақтардан ойын түрінде, жобалық сабақтар аз мөлшерде өткізілетінін көрсетті. Оқытушылар түсіндірме-баяндау әдістерін пайдалана отырып, жаңа материалды зерделеу бойынша дәстүрлі сабақтардың жалпы санының 42-сі (49 %) қамтыды, ал бір сабақта бірнеше элементті (түсіндіру, бекіту, тексеру) біріктіретін аралас сабақ саны – 34 (40 %), 9 сабақта ғана (10,5 %) оқытудың интерактивті әдістері: интерактивті тақта, жобалап оқыту, топтық және жұптық жұмыстар, Jigsaw әдісі, Case-study әдісітері қолданылды. Ұсынылған деректерді талдай отырып, мұндай жағдайдың объективті және субъективті себептерін анықтауға болады. Объективті деп әлсіз материалдық базаны жатқызуға болады. Жиналған мәліметтер мұғалімнің іс-әрекетіне

байланысты субъективті себептерді анықтауға мүмкіндік береді, мысалы, оқыту үшін әдісті немесе әдістемелік форманы, білім алушылардың оқу іс-әрекетінің ұтымды түрін таңдау, биология сабағында оқу іс-әрекетін жүзеге асырылатын құралдармен қамтамасыз ету мәселелерін атауға болады. Қатысқан сабақтарды талдай келе биология сабақтарында оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолданылуы 1 суретте көрсетіледі.



Сурет 1 - Оқытушылардың 1 курс білім алушыларымен биология сабақтарында оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдануы

1 курс білім алушыларымен биология сабақтарында зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысынан сапалы талдау жасайық. Биология мұғалімі А.А. сабағында «Ақуыздардың құрлысы, қызметі, классификациясы» білім алушыларға оқулық тақырыбының мазмұнын қолдана отырып, интерактивті тақтамен жұмыс жасалынып, «ақуыздардың атқаратын қызметі» кестесін толтыру ұсынылды. Сабақты бекіту кезінде Kahoot интерактивті интеллектуалды ойыны қолданылды және жұптық жұмыстар жасалды. Сабақ соңында білім алушылармен рефлексия жасалынып, кері байланыс орнатылды. Оқу қызметінің бұл әдістері тақырыпты ашып және толық бекітуге негіз болады. “Сирек кездесетін өсімдік және жануарлар дүниесін сақтау мәселелері. Биоалуантүрлілік” тақырыбындағы сабақта оқытудың жобалап оқыту әдістерін қолдану көзделді: сабақта білім алушылар 4 жұмыс тобына бөлініп, әр топқа жобалық тапсырмалар берілген, тапсырма тақырыптары 1) «Сирек кездесетін өсімдіктер дүниесін қорғау шаралары», 2) «Саны сирек бара жатқан жануарлар дүниесін сақтап қалуды ұйымдастыру», 3) «Ұлттық парктер пен ерекше қорғауға алынған аумақтардың биоалуантүрлілікті сақтаудағы рөлі» деп алынды. Сабақта көрнекілік материалдардан сирек

кездесетін өсімдітер және жануарлар туралы мультимедиялық презентация пайдаланылып, сирек кездесетін өсімдіктер гербарий үлгілерімен жұмыс жасалды. Биология пәнінің мұғалімі В.В. осы тақырып бойынша сабақта оқушылар ситуациялық сұрақтар қою арқылы жетелеп, жобалық тапсырманың жауаптарына түзету енгізіп отырды. Сабақ соңында insert әдісі арқылы рефлексия жасалды. Сабақ өз мақсатына толық жетті, білім алушыларда жобалап оқыту әдісі арқылы ғылыми-зерттеу құзіреттілі қалыптастырылды.

Эксперименттің анықтаушы кезеңі Өскемен қаласы кәсіптік білім беру ұйымдарының 85 биология пәні оқытушылары мен 250 білім алушыларына сауалнама жүргізуді қамтыды. Сауалнаманың мақсаты: «биология сабақтарында ғылыми-зерттеу құзіреттілігі қалай қалыптастырылып, жүзеге асуда?» деген басты қағидат болды.

Сауалнаманың бірінші сұрағы: «қазіргі ұйымда педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби білім мен дағдылардың деңгейін бағалаңыз». Сауалнама нәтижелері төмендегі 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 - Кәсіптік білім ұйымларында педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін мұғалімдердің кәсіби білімі мен дағдыларының деңгейі

№ р/с	Кәсіби білім мен дағды деңгейі	Респонденттер жауаптары (%)		
		жоғары	орта	төмен
1	Кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы	16,5	78,5	5
2	Оқытудың барлық сатыларында жұмыс жасауға толық дайын болу	50	50	0
3	Оқытылатын пән міндеттерін жүзеге асыру	87,5	11,5	1
4	Сабақтарда оқу және әлеуметтік жағдайларды жобалау	21,5	76,5	2
5	Қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен технологияларын меңгеру	35	20,5	44,5
6	Пән бойынша сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру	50	20	30
7	Педагогикалық талдау және бағалау әдістерін меңгеру	69	77	8
8	Денсаулықты сақтауға бағытталған әдіс-тәсілдер, функциональдық сауаттылық мәселелерін қолдану	67	28	5
9	Ақпараттық технологияларды меңгере отырып сабақ жүргізу	25	35	40

1 сауалнамадан оқытудың ақпараттық құралдарын (аудио-, видео-, компьютерлік құралдар және т. б.) меңгеру оқытушылар арасында кеңінен қолданылатыны 60% – ы, яғни жаңа режимде жұмыс істеуге кәсіби тұрғыда жоғары қызмет түрін көрсетеді, 50% - ы өз білімдерін жетілдіруге, кәсіби және зияткерлік деңгейін арттыруға ниет білдіргенін көрсетті.

Сауалнаманың келесі сұрағы: «Сіз биологияны оқытуда зерттеу қызметін қолданасыз ба?». Жауаптарды талдау көрсеткендей, оқытушылардың 15% - ы биологияны оқытуда зерттеу қызметін жүйелі түрде қолданады. Олар зерттеу әдісін енгізу ақыл-ой белсенділігін арттыруға, ғылыми танымға қызығушылықты арттыруға және жеке бастаманы дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Сауалнама нәтижелері респонденттердің 18% - ы биологияны оқытуда зерттеу әдісінің не екенін білетіні және зерттеу дағдылары мен дағдыларын дамыту бойынша жұмыс түрлерін аз пайдаланатынын көрсетті. Оқытушылардың 55%-ы биологияны оқытуда зерттеу қызметін аз мөлшерде кей кездері ғана қолданатыны белгілі болды. Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 12% зерттеу әдістерін қолданбайды.

Сауалнаманың келесі сұрағы: «Сіз биологияны оқытуда зерттеу қызметін қаншалықты жиі қолданасыз». Нәтижелер 2 кестеде келтірілген.

Кесте 2 - Биологияны оқытуда оқытушылардың зерттеу әдісін пайдалану жайлы сауалнама нәтижесі

№	Қолдану жиілігі	(%) пайыз
1	Жүйелі түрде	15
2	кейде	55
3	аз	18
4	қолданбаймын	12

Сауалнама нәтижелері бойынша біз оқытушылардың көпшілігі өз сабақтарында биологияны оқытуда зерттеу әдісін жүйелі түрде қолданбайтынын көреміз.

Келесі сауалнама «Кәсіптік білім беру ұйымдарында биологияны оқыту барысында 1 курс білім алушылардың зерттеу құзыреттіліктерін қандай биологиялық мазмұнда қалыптастыру қисынды» деп қарастырылды. 3 кестеде сауалнама нәтижелері келтірілген.

Кесте 3 - Бағытталған биологиялық материалдың мазмұны арқылы зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру

№	Мазмұны	Зерттеу құзыреттілігінің деңгейі (%)
1	Физиологиялық	54
2	Анатомиялық	16
3	Морфологиялық	12
4	Экологиялық	16
5	Басқа жауап	2

Сауалнама нәтижелері оқытушылардың 54% физиологиялық процестерді зерттеуде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыратынын көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіптік білім беру ұйымдарының 250-дей 1 курс білім



алушыларымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары: «биологияны зерттеу қажеттілігі неде?» 45% - ы ғана саналы тұрақты танымдық бағдар көрсететінін мәлімдеді. Білім алушылардың 35%, «қоршаған табиғаттағы процестерді түсінетін білімді адам болуға деген ұмтылыс» Сауалнамаға қатысқандардың 20% - ы биологияны қажетті оқу пәні ретінде оқиды.

Педагогикалық зерттеуде көрініп тұрғандай Өскемен қаласындағы кәсіптік білім беру ұйымдарында биологияны оқытуда бақылаулар мен демонстрациялық тәжірибелер сирек қолданылады, негізінен ауызша оқыту әдістері басым. Сауалнама, бақылау, педагогикалық тәжірибені жалпылау, биология оқытушыларының жұмысын талдау арқылы алынған педагогикалық тәжірибені зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, біз оқытушылардың танымдық әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру саласында орташа теориялық және әдістемелік білімі бар екенін анықтадық, бұл білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың төмендеу деңгейінің себебі болып табылады.

### **Қорытынды**

Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері Ю.К. Бабанскийдің педагогикасының зерттеулеріне сәйкес келеді. Оның мәліметтері бойынша, «мұғалімдердің басым көпшілігі оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыруда қиындықтарға тап болады, сабақта оқу жұмысының дағдыларын дамытады». Бұл қиындықтар кездейсоқ емес, объективті [19].

Зерттеу жұмысының мақсаттарына сай сауалнама өзекті тақырыптардың бірі «ғылыми-зерттеу құзіреттіліктерінің» кәсіби білім беруде қалай қалыптастырылып жатыр деген негізгі қағидатты ұстанған. Кәсіби білім беру ұйымдары оқытушыларымен диалог орнатылып, қатысқан сабақтар талданып, сауалнама жауаптары статистикалық өңдеу жасалды. Қазіргі таңда кәсіптік білім беру ұйымдарында биологияны оқытуда 1 курс білім алушыларының ғылыми- зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер бар. Биология оқытушыларының жұмыс тәжірибесін зерттеудің нәтижелері әмбебап оқу әрекеттері арқылы зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру міндеті әр сабаққа қойылмайтынын көрсетті. Сондықтан, «ғылыми-зерттеу құзіреттілігі» қалыптасқан маман даярлау үшін, сабақта пайдаланылатын сабақ формасы, әдіс тәсілдері заман талабына сай инновациялық технологияларды кең спектрде қолдану, оқу бағдарламаларына зерттеу сабақтары, жобалап оқыту, проблемалық оқыту, ақпараттық технологияларды қолдану аясын кеңейту арқылы жете аламыз.

Қорыта келе, ел президенті Қ.К. Тоқаев өз жолдауында «кәсіптік білім беру жүйесін модернизациялау қажет» деп түйіндегендей, кәсіптік білім беру реформалауды қажет етеді, ғылыми-зерттеу құзіреттіліктері қалыптасқан сапалы да саналы маман тұлғасын даярлау арқылы ел дамуына елеулі үлес қосылады.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек 2024 ж. – Кіру режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zanmen-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> [Қаралған күні: 24.08.2024]

[2] Мышбаева М.Т. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту: Дис. фил. докт. – Алматы, 2022. – 20-25 б.

[3] Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2016. – 432 б.

[4] Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: Теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. - 174 б.

[5] Жадрина М.Ж. Планирование результатов обучения как таксономия частных целей //Сб. материалов межвузовский научно–методической конференции «Реформирование университетского образования: реальность и перспективы». – Алматы, 1997. – С. 25–26.

[6] Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критеріі: әдіснамасы және ғылыми–теориялық негізі. – Алматы, 2008. – 327 б.

[7] Кенжебеков Б.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – 2005.– 405 с

[8] Togizbayev D.A. et all. Professional competence in improving the quality of student learning. // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series: «Philological sciences». – 2024. – Т. 75. – №4

[9] Alimbetov K.A et all. A model for the formation of the communicative of a future english teacher. // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series: «Philological sciences». – 2024. – Т. 74. – №3

[10] Бережная О.В. Формирование исследовательской компетентности обучающихся на основе познавательных универсальных учебных действий при обучении биологии (6 класс): Дис. ...канд. пед. наук. – Красноярск, 2020. – 15-18 с.

[11] Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. - М.: Юнити, 2010. - 450 с.

[12] Вербицкий А.А. Контекстно-компетентностный подход к модернизации образования //Психология и педагогика: методы и проблемы практического применения. – 2023. - №24. - 3-6 с.

[13] Westera, W. Competences in education:a confusion of tongues. // Curriculum Studies. – 2001. - 33(1). – p. 75-88.

[14] Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М.: Когито–Центр, 2002. – 396 с.

## REFERENCES

[1] Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalıyq ösim, qoğamdyq optimizm» Qazaqstan halqyna Joldaıy. (Fair Kazakhstan: Law and order, economic growth, public optimism), 2 qyrküiek 2024 j. Kirw rejimi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletli-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalıyq-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> [Qaralğan küni: 24.08.2024] [In Kaz]

[2] Мышбаева М.Т. Bolaşaq mektepke deingı üiym pedagogteriniñ zertteuşilik qūzyrettiligin lesson study ädistemesı arqyly damytu: (Development of the research competence of teachers of future preschool organizations using the lesson study method) Dis. fil. dokt. – Almaty, 2022. – 20-25 b. [In Kaz]

[3] Таубаева Ş.Т. Pedagogika ädisnamasy: (Methodology of pedagogy) oqu qūraly. – Almaty: Qarasai, 2016. – 432 6. [In Kaz]

[4] Түргынбаева В.А. Мүғалымniñ шығармашылық әлеуетin биліктілікті арттыру жағдайында дамыту: (Development of the creative potential of the teacher in the context of advanced training) Teoria және тәжіриbe. – Almaty, 2005. - 174 b. [In Kaz]

[5] Jadrina M.J. Planirovanie rezūltatov obuchenia kak taksonomia chastnyh selei (Planning learning outcomes as a taxonomy of private goals) //Sb. materialov mejvuzovski nauchno–metodicheskoı konferensii «Reformirovanie universitetskogo obrazovania: reālnöst i perspektivy». – Almaty, 1997. – S. 25–26. [In Rus]

[6] Qūdaibergenova K.S. Qūzyrlylyq bilim sapasynyñ kriterii: ädisnamasy және ғылыми–teorialyq negızı (Competence criteria for the quality of education: methodology and scientific and theoretical basis) – Almaty, 2008. – 327 b. [In Kaz]

[7] Kenjebekov B.T. Formirovanie profesionālnoi kompetentnosti buduşih specialistov v sisteme vysşei şkoly: (Formation of professional competence of future specialists in the higher school system) dis. ...kand. ped. nauk: 13.00.01. – 2005.– 405 s [In Rus]

[8] Togizbayev D.A. et all. Professional competence in improving the quality of student learning. // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series: «Philological sciences». – 2024. – T. 75. – №4.

[9] Alimbetov K.A et all. A model for the formation of the communicative of a future english teacher. // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series: «Philological sciences». – 2024. – T. 74. – №3

[10] Berejnaia O.V. Formirovanie issledovatel'skoı kompetentnosti obuchaiuşihsä na osnove poznavatelnyh universālnyh uchebnyh deıstvi pri

obuchenii biologii (6 klas): (Formation of students' research competence based on cognitive universal learning activities in biology teaching (6th grade) Dis. ...kand. ped. nauk. – Krasnoïarsk, 2020. – 15-18 s. [In Rus]

[11] Gerşunski B.S. Filosofia obrazovania dlä XXI veka (Philosophy of education for the 21st century). - M.: İuniti, 2010. - 450 s. [In Rus]

[12] Verbisski A.A. Kontekstno-kompetentnostnyi podhod k modernizatsii obrazovania (Contextual competence approach to the modernization of education.) // Psihologia i pedagogika: metody i problemy prakticheskogo primeneniia. – 2023. - №24. - 3-6 s. [In Rus]

[13] Westera, W. Competences in education: a confusion of tongues. // Curriculum Studies. – 2001. - 33(1). – p. 75-88.

[14] Raven J. Kompetentnost v sovremennom obşestve: vyjavlenie, razvitie i realizatsia (Competence in modern society: identification, development and implementation.). – M.: Kogito–Sentr, 2002. – 396 s. [In Rus]

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ОПЫТ ФОРМИРОВАНИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

\*Рамазанова М.К.<sup>1</sup>, Китапбаева А.А.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

**Аннотация.** В статье подчеркивается актуальность подготовки высококвалифицированных специалистов с научно-исследовательскими компетенциями в организациях профессионального и технического образования, развивающих современное общество. На основе анализа исследований отечественных и зарубежных ученых в области педагогики, психологии и научной социологии раскрывается сущность понятия «научно-исследовательская компетенция». Анализируются практические основы формирования научно-исследовательских компетенций у обучающихся в организациях профессионального и технического образования г. Усть-Каменогорска, т. е. формы занятий, используемые преподавателями при обучении биологии, особенности организации учебной деятельности, используемые методы и приемы, уровни развития исследовательских навыков обучающихся. Излагается работа преподавателей биологии организации технического и профессионального образования по дифференциации педагогического опыта проблемы формирования «научно-исследовательской компетенции» в своем образовательном процессе. В педагогическом исследовании приняли участие 85 преподавателей и около 250 обучающихся, результаты исследования были обработаны методами количественного и качественного анализа.

В процессе профессионального обучения выясняется, что научно-

исследовательская компетенция является одной из компетенций, формирующих профессионала. Результаты исследования показали, что в настоящее время в обучении биологии в организациях профессионального и технического образования имеются широкие возможности для формирования научно - исследовательской компетентности обучающихся на основе познавательной универсальной учебной деятельности. Результаты исследования педагогического опыта преподавателей биологии показали, что задача формирования исследовательской компетентности посредством учебных действий ставится не на каждом уроке.

**Ключевые слова:** профессиональное образование, образовательный процесс, компетентность, научно-исследовательская компетентность, педагогический опыт, изучение учебного процесса, методы обучения, формы обучения

## PEDAGOGICAL EXPERIENCE IN THE FORMATION OF RESEARCH COMPETENCIES IN PROFESSIONAL EDUCATION ORGANIZATIONS

\*Ramazanova M.K. <sup>1</sup>Kitapbaeva A.A.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

**Abstract.** The article highlights the relevance of training highly qualified specialists with research competencies in professional and technical education organizations developing modern society. Based on the analysis of the research of domestic and foreign scientists in the field of pedagogy, psychology and scientific sociology, the essence of the concept of “research competence” is revealed. The practical foundations of the formation of scientific and research competencies among students in professional and technical education organizations are analyzed. Ust-Kamenogorsk, i.e. the forms of classes used by teachers in teaching biology, the specifics of the organization of educational activities, the methods and techniques used, the levels of development of research skills of students. The article describes the work of biology teachers in the organization of technical and vocational education on the differentiation of pedagogical experience and the problem of forming “research competence” in their educational process. 85 teachers and about 250 students participated in the pedagogical study, the results of the study were processed using quantitative and qualitative analysis methods.

In the process of professional training, it turns out that research competence is one of the competencies that form a professional. The results of the study showed that currently biology teaching in professional and technical education organizations has wide opportunities for the formation of students’ research competence based on cognitive universal learning activities. The results of the study of the pedagogical experience of biology teachers have shown that the task of forming research competence through educational activities is not set in every lesson.

**Keywords:** professional education, educational process, competence, research competence, pedagogical experience, study of the educational process, teaching methods, forms of education

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 03.02.2025.  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Рамазанова, М.Қ. – докторант, Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, e-mail: mereili.ramazanova@yandex.kz

Китапбаева, А.А. – б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, e-mail: kitapbaeva\_a@mail.ru

***Информация об авторах:***

Рамазанова, М.К. — докторант, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, e-mail: mereili.ramazanova@yandex.kz

Китапбаева, А.А. – к.б.н., ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, e-mail: kitapbaeva\_a@mail.ru

***Information about the authors:***

Ramazanova, M.K.– doctoral student, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; e-mail: ramazanova@yandex.kz

Kitapbaeva A.A - PhD candidate of Biological Sciences, Associate Professor, S. Amanzholov, East Kazakhstan University, e-mail: kitapbaeva\_a@mail.ru